

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
«Республикалық қосымша білім
беру оқу-әдістемелік орталығы»
РМҚК директорының м.а. 2017 жылғы
«__» _____ № ____
бұйрығына 2-қосымша

«Қазақстан – болашағы біртұтас ұлт» республикалық байқауды қашықтықтан ұйымдастыру және өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан – болашағы біртұтас ұлт» Республикалық байқауды (бұдан әрі - Байқау) жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: компьютерлік технологиялар арқылы оқушыларды зияткерлік, шығармашылық және эстетикалық дамуына жағдай жасау.

3. Міндеттері:

1) оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;

2) өз бетінше шығармашылық ойлау қабілетін дамыту, бағдарламалау дағдыларын дамыту;

3) білім беру қызметінде ақпараттық технологияларды қолдану тәжірибесін насихаттау;

4) компьютерлік технологиялар саласында жаңа жетістіктерді тарату.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқауды ұйымдастырушы әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау жұмыстары **2017 жылғы 17 қаңтардан 16 ақпанға дейін mrkzt@inbox.ru** электронды поштасына қабылданады. Байқауға 2017 жылғы **16 ақпаннан кейін** түскен және Ережеге сәйкес келмеген байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқау қорытындысы, жеңімпаздар дипломдары мен қатысушылар сертификаттары 2017 жылғы **1 наурызда www.ziyatker.org** сайтына орналастырылады.

7. Ұйымдастырушының байқауды өткізу мерзімін 1 айға дейін ұзартуға құқығы бар.

Ұйымдастырушының шешімі бойынша байқауды өткізу мерзімін ұзарту туралы ақпаратты міндетті түрде әлеуетті қатысушыларға хабардар ете отырып, байқаудың өткізу және қорытындыны ораналастыру мерзімдерін мына сілтемеде көрсетіледі: www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → **«Қазақстан – болашағы біртұтас ұлт»** байқауы → әрі қарай

8. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жұмысты БАҚ-та жариялауға құқылы.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 24-93-12 **«Қазақстан – болашағы біртұтас ұлт»** байқауы).

9. Байқауға қатысу үшін 1500 (бір мың бес жүз) теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733

ИИК KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

КНП 859

Кбе 16

АО Банк Центр Кредит, Астана қ.

Төлемақы аталуы: **«Қазақстан – болашағы біртұтас ұлт»** байқауы.

10. Байқауға қатысу үшін mrkzt@inbox.ru электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес өтінімді;
- 2) сканерден өткізілген төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы);
- 3) байқауға қатысатын жұмысты байқаудың атауын міндетті түрде көрсетіп жіберу керек. (Мысалы: **Қазақстан – болашағы біртұтас ұлт**)

3. Қатысушылар және байқауға қойылатын талаптар

11. Ұсынылған жұмыстар байқаудың тақырыбына, мақсатына және міндеттеріне сәйкес болуы керек.

12. Байқауға жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының **18 жасқа дейінгі** білім алушылары қатыса алады:

- 1) кіші жас санаты: 7-10 жас;
- 2) орта жас санаты: 11-14 жас;
- 3) жоғары жас санаты: 15-17 жас.

13. Байқау жұмыстары келесі номинациялар бойынша қабылданады.

«Сәлем, біздің сүйікті үйіміз!» номинациясы. Суреттер байқауы.

Суреттерді ресімдеу талаптары.

Жұмыстар кез келген материалда (ватман, картон, кенеп және т.б.) және түрлі сурет салу техникаларында (майлы бояулар, акварель, гуашь, қарындаш, түрлі-түсті қарындаш және т.б.) болуы тиіс.

Байқауға электронды түрде JPEG форматтағы суреттердің фотолары қабылданады. Графикалық файлдың көлемі 3 мегабайттан аспауы қажет.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

байқау тақырыбына, мақсатына және талаптарына сәйкес болуы;

жұмысты орындау сапасы;

автор жасының шығармашылық деңгейге сай болуы.

«Қазақстанның кең байтақ даласында көп түрлі халықтар өмір сүреді» номинациясы. (презентациялар байқауы).

Байқауға Қазақстан халқының достық пен бірлік, келісім мен өзара түсіністік туралы презентациялары қабылданады.

Слайдты ресімдеу.

Слайд стилі (бірыңғай стильмен ресімдеу).

Түстерді пайдалану (бір слайдта 3 түстен артық түс қолданылмауға кеңес беріледі: бірі фонға, бірі – тақырып үшін, бірі – мәтінді жазу үшін).

Анимациялық эффектілер (слайдта ақпарат беру үшін мейлінше компьютерлік анимациялық мүмкіндіктерді пайдаланыңыз).

Презентацияның көлемі 10-15 слайд (бірінші слайд – титул)

Мәліметті беру:

Қысқа сөздер мен сөйлемдерді қолданыңыз.

Қаріп (тақырып үшін -24 тен кем емес, ақпарат үшін -18 ден кем емес).

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

тақырыпқа және номинациясына сәйкестігі;

мазмұндылығы және ерекшелігі;

сауаттылығы.

«Біз бақытты елде өмір сүреміз» номинациясы

Қазақстанға байланысты авторлық сөзжұмбақтар, ойжұмбақтар, ребустар, жұмбақ сөздер, жұмбақтар, викториналар қабылданады.

Байқау жұмыстары келесімен қамтылуы тиіс:

Жауабы толтырылмаған сөзжұмбақтар және жауабы толтырылған сөзжұмбақтар

Ребус және ребусте шифрланған жауабы

Ойжұмбақтар, жұмбақтар, викториналар жауаптарымен

Жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптар:

1) викторина, сөзжұмбақтардың сұрақтары MSWord. мәтіндік редакторда терілуі, шрифт: Times New Roman; шрифт көлемі - 14; ара қашықтық -1 болуы міндетті.

2) жұмыс көлемі (викторина 10 - 15 сұрақтан (иллюстрациясы берілген сұрақтар мен жауаптарды жіберуге болады).

Байқау жұмыстарының бағалау өлшемдері:

тақырыпқа және номинациясына сәйкестігі;

сұрақтар мен жауаптарды мазмұндау мәнері, мазмұндылығы;

сұрақтар мен жауаптарды ресімдеудің ерекшелігі және шығармашылық тәсіл;

эстетикалығы және сауаттылығы.

14. Қатысушы сайыста бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр номинацияға қатысушыдан бір жұмыс қана қабылданады. Төлемақы әр номинацияға жеке төленеді.

15. Басқа адамдардың және интернеттен алынған материалдарды пайдалануға қатаң тыйым салынады. Байқау жұмысы бұған дейін интернетте жарияланбауы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

16. Байқау қорытындысы бойынша әділ қазы мүшелері жеңімпаздарды анықтайды.

17. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары **www.ziyatker.org** сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: **8(7172) 24-93-12 «Қазақстан – болашағы біртұтас ұлт»** байқауы).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «Қазақстан – болашағы біртұтас ұлт» байқауы → әрі қарай.

1- қосымша

Байқауға қатысушы туралы мәлімет

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Мекен жайы	Білім беру ұйымының аталуы, сыныбы, курсы	Байқаудың аталуы, номинациясы тақырыбы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)	Жетекшісінің толық аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы	Жетекшісінің байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)
1	2	3	4	5	6	7	8